

34К2397

Д38

КМӨ
Т

хрестоматия



XX

ҒАСЫР


БАСЫНДАҒЫ

ӘДЕБИЕТ

84 қазығ
Д 38

КӨӨ
Т

хрестоматия



XX

**ҒАСЫР
БАСЫНДАҒЫ
ӘДЕБИЕТ**

Кұрастырған, алғы сөзін, өмірбаяндық анықтамалар мен түсініктерді жазған — филология ғылымының кандидаты *Кұлбек Ергөбек*


АЛМАТЫ «БІЛІМ» 1994

«Қазақ әдебиетінің тарихы» сериясының қоғамдық алқасы:
С. Қирабаев (алқаның төрағасы), Қ. Сұлтанов, Е. Мәмбетқазиев,
А. Сәрсенбаев, З. Қабдолов, М. Қозыбаев, Р. Бердібаев, З. Серікқалиев,
С. Қасқабасов, Т. Әбдіков, Ы. Кененбаев.

✓

XX ғасыр басындағы әдебиет: «Жоғары оқу орындары филология, журналистика факультеттері студенттеріне арналған хрестоматиялық оқу құралы (құр. Қ. Ергөбек) Алматы, «Білім» 1994—352 бет.

ISBN 5-7404-0083



4
11/10

XX ғасыр басы — қазақ әдебиетіндегі ең бір күрделі кезең. Алуан түрлі әдеби ағым, әдіс қосамжарласқан бұл кезең әдебиетінің түрлі нұсқаларынан бұған дейін әр кезде — Б. Кенжебаев, Қ. Жармағанбетов, Т. Әбдірахманов сынды белгілі зерттеушілердің құрастыруымен хрестоматия жарық көрген болатын. Алайда қазіргі демократиялық принциптердің орнығып, әділеттілік қалпына келтірілуіне байланысты XX ғасыр басында өмір сүріп, зұлмат саясаттың зорлығымен жабылып қалған көптеген ақын — жазушылардың есімі қайтадан тарих сахнасына шықты. Соған орай тыңнан ашылған қаламгер шығармаларын қатыстыра отырып, хрестоматияны қайта шығару күн тәртібіне көтерілді. Хрестоматия жаңа талап тұрғысынан құрастырылды.

Бұрынғы хрестоматияларда ақын — жазушылардың саяси екпіні басым шығармалары енгізілсе, бұл жолы әрбір қаламгер шығармаларының көркемдік қуаты, тарихи міндеті қатаң ескерілді.

Ж $\frac{4603020100-001}{412(05)-94}$ 009—93 (поз. «Ана тілі»)

ISBN 5-7404-0083-X

© Ергөбек Қ., құрастырушы, 1994.

ОЯНУ ДӘУІРІНІҢ ӘДЕБИЕТІ

(Аңғарту)

XX ғасыр да аяқталып келеді.

Қара үйін (киіз үй) жығып, бау-шуын буып-түйіп, тарих қойнауына беттеп бара жатқан жиырмамыншы ғасыр — адамзат баласы тарихындағы ең бір күрделі кезең. Әсіресе қазақ секілді тағдыры ылғи да қыл үстінде жүретін, түйесінің жүгі ылғи да аумалы-төкпелі келетін халық бұл дәуірді біркелкі даму аясында өткізбегені хақ. Ілгері басқан қадамы кейін кетіп, алдым деген бостандығы бодандық, таз кепештің өңі өзгерген түрі болып шыға берген қазақ халқы үшін XX ғасыр әр буын ұрпағы әр қырынан үңіліп қарайтын; бірі бейіл берсе, бірі ренжи әңгімелейтін кезеңге айналары және шындық.

Қай нәрсенің де бастауы бар, аяқталуы бар. Аяқталып келе жатқан ғасыр жайында ойланғанда адамзаттың бұл дәуір-дәурені қалай басталып еді деген сұрақ көңілде жатады.

XX ғасыр басы — қазақ халқы үшін жер бетінен жойылу мен тарих аренасында қалу дегендей алмағайып халді алға тартқан күрделі тарихи кезең. Бұл кезеңге орыстың отарлау саясаты шеннен асқан қысым болып жетті. Бұл кезеңге хандық дәуір тұсындағы шаруалардың өктем үні талып-талып жетсе, әлсіреген ақындық үн қайта оянып, халықты ояту сарынына айналып, қайта зорайып жетті. Жаңа дәуір есігін өшкен ел ретінде емес, өзгелердей өскен ел райында ашайық деген үн, асқақ рух кең даланы кернеді. Сары даланың нөсер жаңбырмен көгеретіні сынды, отарлық тесікөкпе етіп езген, ұйқы басқан қазақтай халық бостандықпен ғана түлейтінін жырлай айтты, зарлай айтты ақындар. Халықты ояту, бостандыққа үндеу — отар ел ақындары үшін оңай болмасы хақ. Астарлай айту, ажарлап айту, тәмсілдеп айту дегендей қазақ ақындары ой айтудың сан-алуан тәсіліне, халықты оятудың сан-алуан амалына барды. Осыдан келіп халық, бостандық деп жарғақ құлағы жастыққа тимей жырлап жүрген ақын, жазушылар «кітаби», «ағартушы», «сыншыл ағартушы», «ұлтшыл», «демократ» дегендей түрлі атау, жарғыға ие болды. Ой айтудың сан-алуан формасынан әдебиет байлығы туындайды, XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетіндегі түрлі ағым, әдіс, мектептер өмірге осылай келді. XX ғасыр басындағы әлеуметтік өмірдің сан қатпарлығы секілді жиырмамыншы ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің мейлінше күрделі болатын себебі де, міне, осыдан.

Күрделі әдебиет, бай әдебиет — халыққа ұнағанымен орыс отарлық саясатын өңін өзгертіп жалғастырған кеңестік кезеңде жақсы

атала қоймады. Дәуірдің дауылпаз қаламгерлерінің бірі діни-клерикальдық, бірі ұлтшыл-буржуазиялық дегендей шеттетілумен болды. Әрісі М. Әуезов, С. Мұқанов, Е. Бекенов, берісі Е. Ысмайылов, Қ. Жұмағалиев, Б. Кенжебаев тарапынан дәуір әдебиетінің әрқилы зерттеліп, монография оқулықтың әр деңгейде жазылуы, Қ. Жармағамбетов, Т. Әбдірахманов тарапынан оқу құралының (хрестоматия) әр деңгейде құрастырылу себебі де осында. Бұрын бір ақын, жазушының оқулық, оқу құралына енбей қалуы оп-оңай еді. Енді уақыт жаңарды, көзқарас түзелді. Сол себепті дәуір әдебиетіне жаңаша қатынас қажет-ақ.

Қалай дегенде де адамзат көш-керуенін бірталай жерге ұзатып салған ғасыр, ол кездегі әлеуметтік ахуал, одан туындайтын әдебиет жайында ешкім де жайбарақат қарай алмайды. Қараған сайын жаңа уақыттың жаңа пікірін айтады. «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» оқу құралының қайта түзіліп, оқырман қауымға қайыра жол тартуында қажеттіліктен туған осындай заңдылық бар. Уақыт жаңарды, қоғам түледі, ой өзгерді, сөз түрленді. Ұлылы-кішілі зерттеушілер әруағына бас ие отырып әдебиетіміздің ең бір күрделі кезең өкілдерін жаңаша жүйелеуді хош көрдік. Әр саққа жүгіртіп, әрқилы бағаланған, оқу құралы әрқилы түзіліп келген XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті ақын-жазушыларын «Ағартушы ақындар», «Демократ жазушылар», «Ұлт-азаттық жырлары» атап, солай жүйелеуді жөн таптық. Әрдайым «ұлтшыл» аталып, дәйім шеттетіліп келген Ақан (А. Байтұрсынұлы) бастаған ұлтжанды қайраткер-қаламгерлер бұл оқу құралына енбеді. Олай болатын себебі қайта түзіліп отырған оқу құралын табанды зерттеуші, профессор Бейсембай Кенжебаевтың «XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті» оқулығына ыңғайластырып, үйлестіруден. Ақан бастаған бір шоғыр аяулы қаламгерлер профессор Р. Нұрғалиев жазатын кезекті оқулықта, соған сай құрастырылар оқу құралында қамтылмақ.

Асылы, XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті өкілдерін бір оқу құралында түгел қамтымақ қиын-ақ. Олай ету мүмкін емес тіпті. Дәуір ақын-жазушыларының шыр-шырғысын шығармай антология құрастыру алғы күннің шаруасы. Дәуір үніне айналған ақын-жазушы шығармасын қамту, басты ағымдарды байқатып өту, жанрлық жаңалық, формалық өзгерістерді тұшындыру — оқу құралын түзудегі біз мақсұт еткен жайлар, міне, осылар.

Сөз басына қайта оралайық. Сонымен XX ғасыр аяқталып келеді. Ал қолдарыңыздағы оқу құралы XX ғасырдың қалай басталғанын, қазақ халқының ояну процесін, дүбірлі дәуір әдебиетінің сипатынан хабардар етсе әзірге мақсаттың орындалғаны.

Құлбек ЕРГӨБЕК, А. Иасауи атындағы қазақ-түрік халықаралық университетінің доценті, филология ғылымының кандидаты.

АҒАРТУШЫ АҚЫНДАР



МӘШҲҮР ЖҮСІП КӨПЕЕВ

(1857—1931)

Қазіргі Павлодар облысы, Баянауыл ауданында туып, өскен Мәшһүр Жүсіп жастай медреседе оқып, білім алған ақынның бірі. Ол бұдан кейін 1886 жылы Бұхараға, 1896 жылы Ташкентке барып, білім дәрежесін көтеріп қайтады. Ол осы жылдары араб, парсы, Орта Азия әдебиетімен сусындайды. Іргелі жерден білім алу, ел аралап, халықтың хал-ахуалымен жіті танысуды өзіне мұрат тұтқан ақын. М. Ж. Көпеевті ел ақын ретінде ғана танымай, ел сөзін жинаушы фольклорист, жұрт жайынан газет-журналға хабар жазып жүретін журналист ретінде де кең таныйды. Оның «Мәшһүр» аталуы да осыдан болса керек, Ақын, журналист, фольклорист «Дала уалаяты» (1899—1902) газетінен бастап, бірсыпыра газет, журналдарға ел өмірінен мақала, ел аузынан аңыз, әңгіме материалдар жазып, кеңінен қатысып тұрды. Өзі де шығыс әдебиеті сарынында өлең, дастандар жазған ағартушы ақын.

«Тірлікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз» (1907), «Хал-ахуал» (1907), «Сарыарқаның кімдікі екендігі» (1907) секілді кітаптары көзі тірісінде жарық көрген. Ел аузынан көптеген аңыз, әңгіме, әпсана, ертегі жазып алып «Мес» аталатын үлкен қолжазба дайындаған. Сол мол мүліктің тек «Түлкі, қасқыр, түйе, арыстан» деген ертегісі ғана 1929 жылы Ташкентте жеке кітапша болып басылып шықты.

Ақын, жинаушы, журналист мұрасы көп уақыт жабық жатты. Енді ғана әңгіме бола бастады. М. О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты ақынның екі томдық шығармалар жинағын 1992 жылы жарыққа шығарды.

М. Ж. Көпеев 1931 ж. өзінің аулында қайтыс болды.

«ХАЛ-АХУАЛ» КІТАБЫНАН

Жігіттер, жақсы қайда өнер шашқан,
Жүдеген ғаріптердің көңілін ашқан,
Анау озық, мен кейін қалам ба деп,
Көз салып бірін-бірі шамаласқан?
Сүрініп ат аяғы кетер болса,
Дұшпан түгіл, досың да табаласқан.
Бұл жұртта сұмырай нәрсе толып жатыр,
Өтірік, ұрлық, өсек араласқан.
Өңшең сәуірік, теке мен бұқашықтар
Бірі-бірін сүзіп, жаншып жараласқан.
Жақсыны өзі болған көре алмаған,
Өрт қойып жан-жағынан қамаласқан.
Ақылшы шықты бізге үй басынан,
Данышпан ойы зерек, жұрттан асқан.
Биге — пара, байларға — өсім болды,
Бой тартқан арамдықтан бар ма қашқан.
«Сен кімнен қорқасың?» — деп жел береді,
Кісі жоқ «қой» дейтұғын, жұртты басқан.

* * *

Жүйрік ат, көңіл ашар қыран, тазы,
Жігітті жібермейді малдың азы.
Әркім-ақ жамандыққа көңіл берді,
Тыятын болмаған соң мықты қазы.
Сөзі бар замандастың терісқақпай,
Жарассашы бір-біріне айтқан назы.
Тұйғынға күшігендер ауыз салып,
Жем болып қарға, ұзаққа қоңыр қазы.
Басшымыз ел пайдасын сөйлемейді,
Білгіштер бұл жұмысқа емес разы.
Көптен көп іздегені бүліншілік,
Қанша айтып таусылмайды еш аразы.
Әлі жоқ аңқылдама түсер жарға,
Айтпаса, қайдан білсін ел сабазы.
Әлі жүр біздің қазақ надандықта,
Қор болып сол себептен өнерпазы.

* * *

Сөз айтып тарқатайық ішкі шерді,
Ашайық осындаймен көңіл кірді.
Мың сегіз жүз алпыс тоғыздан соң
Халайық, кермеп пе едің неше түрді.
Нақақтан құсаменен қан жұтқызып,
Тұтқынға салған жоқ па талай ерді.

* * *

Қызыл гүл жасарсайшы солып жатқан,
Әр нәрсе шағымызда болып жатқан.
Жақсылық ойлаңыздар, біздің халық,
Тастаныз жамандықты толып жатқан.
Құрметті ел билеген хакімдер де
Жыландай зәрін төгіп, сорып жатқан.
Бас салып зарлы, мұңлы, кем-кетікті
Бүркіттей тырнағымен бүріп жатқан.
Әркімді арбауына түсірем деп,
Түлкіше сол құйрығын бұландатқан.
Жүзіме көрінгендер көз салар деп,
Өн бойын тоты құстай сыландатқан.
Жатырмыз бір қараңғы ұзақ күнде,
Көрінбей жарық сәуле бір таң атқан.
Желкелер старшының бейшараны,
Таба алмай кедей ақша жапа тартқан.
Ұлыққа кімнің сөзі жете берер,
Осындай жұмыстар бар толып жатқан.

* * *

Бір мың тоғыз жүзден бес жыл асты,
Бес түгіл сол алтыға жақындасты.
Теңдікті бір көре алмай ұлықтардан,
Халайық, қор болдың ғой аяқ асты.
Көз жасы жылаулының болып қабыл,
Көбейтті зорлықшылға өшті, қасты.

* * *

Өнерге ғылым-білім болсаң жерік,
Берілер ақыр бір күн басыңа ерік.
Көп жұртты көз жасыңа қылсаң куә,
Табылар мұңлы-зарлы саған серік.

* * *

Көшпелі болған жұрттың шаруасы бар,
Сарт, ноғай жан сақтайды, саудасы бар.

Жезқұйрық жапалақпен жемтікес боп,
Сұрайтын бір-бірінен сауғасы бар.
Арасы ағайынның алыс болды,
Таласып дамылы жоқ жарыс болды.
Жетіліп партиямен дәрежесі
Жақсыға жаман адам таныс болды.
Жыртылды байға ерумен кедей таңы,
Көшінен адастырып байдың шаңы.
Күпілдеп, үйде отырып күжілдейді,
Жігіттің қоразданған кейбір паңы.
Жаз болса, ауылдасып ыңғай қонып,
«Қызық қой бұ жүрген,— деп,— мұндай болып».
Өкшесін жылтыратып көп кедейлер
Жүрсе де ат пен тоннан жұрдай болып.
Біреуді пана қылып, сүйегенсіп,
Мәз болып отырғанға саумал ішіп.
Мырзасы қасына ерген сол нашарын —
Шығынын соған артар сырттан пішіп.
Басында босандық жоқ дамыл алмай,
Сапырылысып ертенді-кеш жүрген талмай
Тобындай қоңыр қаздың у-шу етіп,
Аттанар, көтерілер бірі қалмай.
Мұратқа бір жетеді тас салғанда,
Би, болыс, ауылнай боп басқарғанда.
Шығыны партияның суға аққандай,
Таласып, саннан кеміп тас қалғанда.
Жалаңдап аждаһадай ауылнайлар
Беліне ақ киізден күйек байлар.
Сипырын бес тиынның бес теңге деп,
Кедейлер хат білмеген соры қайнар.
Мойнына сары жезден қарғы салып,
Алдына неше түрлі дау-шар барып.
Жиылып қара құстай билер отыр
Жемтігін өлексенің қоршап алып.
Осылай арам тамақ жеген бәрі,
Сақтанбас обал ғой деп жеткен әлі.
Жалықпай айта берсем толып жатыр,
Былайша заманада жұрттың халі.

БҰЛБҰЛ МЕН ҚАРШЫҒА

(*Фибрат-нәма*)

Япырмай, кессем бе екен мен тілімді,
Үйрендім қайдан өнер, көп білімді.
Өткіздім қасірет пен қапалықта

Қызықты ойнап-күлер мезгілімді.
Болдым ғой өнерімді тауысқандай,
Мерт болдым айға шауып арыстандай.
Сұңқардай биік шыңды мекен қылмай,
Шықылдап көзге түстім сауысқандай.

Сөйлеуден тыйылмаған қызыл тілім,
Өттің бе зарлауменен қайран күнім.
Түлкінің қызылдығы — өзіне сор
Болғандай, болдың маған өнер-білім.

Айналдым бұлт болып биік тауға,
Іліндім болып шортан жібек бауға.
Тілі жоқ көп мылқаулар тиыш жатыр,
Қызыл тіл, сен басымды салдың дауға.

Бұл күнде алтын азып, жез болыпты,
Дүниеде жақсы-жаман сөз болыпты.
Гүл іздеп Гүлстанда жүрген бұлбұл
Бір күні қаршығаға кез келіпті.

Сұрапты қаршығадан сонда бұлбұл:
— Жалғанда ынтызарым — бір қызыл гүл.
Қаршыға, сен де құссың, мен де құспын,
Ақылың сенің менен емес қой мол.

Бектердің оң қолында тұрағымыз,
Ерттеулі күнде жүйрік пырағыңыз.
Кекіліктің миы менен жүрегін жеп,
Табылған әрбір құстан мұрадыңыз.

Татисың қымбат баға, қадір пұлға,
Жүресің патшалармен шығып жолға.
Жазым боп, жазатайым түссең торға,
Түсірмей әкететін қолдан-қолға.

Өткіздім мен әрбір түнді сайрауменен,
Басымды тікенекке байлауменен.
Көрем деп қызыл гүлдің ашылғанын,
Ұзын түн зығырданым қайнауменен.

Қызыл гүл мен ұйықтамай ашылмайды,
Көзімше аузы ашылып, шашылмайды.
Оянсам ұйықтап кетіп, ашылады,
Қасіретім бір көре алмай басылмайды.

Қаршыға келді, сона жақындасып,
Бұлбұлмен сөйлесуге жауаптасып:
— Құс ішінде, сен ақымақ, ақылың жоқ,
Бір гүлге пайдасы жоқ болған ғашық.

Аузынды ақылың болса, жабар едің,
Үндемей сабыр қылып бағар едің.
Тілі жоқ, мен секілді мылқау болсаң,
Бір күнде мың мұратты табар едің.

— Табарым мылқау болып мұрат болса,
Болмаған хасыл мұрат кете берсін.

Мұрныңды шошайтасың мақтағанға,
Жүруші ең келемеж боп көк тағанға.
Қолында көрінгеннің болып тұтқын,
Мәз болып жүресің де сақтағанға.

Бермейді саған етті қаныменен,
Бір құстың тояттатар саныменен.
Өзіңді ертеден кеш ашықтырар,
Құс көрінсе, алсын деп жаныменен.

Бір ұрттам қан ішерсің бір құс алсаң,
Сен ақымақ, тамақ үшін болған сарсаң.
Арбакеш сарттарға құл болғанша,
Онан да жақсы емес пе өле қалсаң.

Жаратқан бір құдайға жетер дәтім,
Зарлаған ұзақ түндер мінәжатым.
Бітпесе бір мұратым, кетсін, барсын,
Ғаламға дастан болған бұлбұл атым.

ШАЙТАННЫҢ САУДАСЫ

Сөз қылып жаза бердім жоқтан, бардан,
Далаға от жақтырдым қалап қардан.
Бір нақыл, жұртқа таңсық, жәдігер сөз,
Хазірет Ғайса рухолла пайғамбардан.

Бос сөзді ауызға алып айтпаймыз біз,
Ынсапты шын құлақпен тыңдаңыз сіз.
Базарға жұрт жиылған келе жатқан,
Лағынға¹ жол үстінде ұшырапты кез.

¹ Лағын — шайтан.

Қысқа айттым қылмай мылжың сөзді ұзартып,
Тындаушы кетпесін деп жалқау тартып
Ол малғұн келеді екен жолмен айдап,
Он қашыр, бес есекке жүгін артып.

— Жаныңа шын сөйлесен пайда,— дейді,
Дінің қатты, құр тілің майда,— дейді.
Сұрады тақсыр Ғайса тұра қалып:
Барасың,— Лағынға айтты,— қайда?— деді.

— Сен,— шықтың тура жолдан асып,— дейді,
Біздерге жол қисығы нәсіп,— дейді.
Жалпақ жұрт бара жатқан ду базарға,
Барамын мен де қыла кәсіп,— дейді.

— Топыраққа бас ұрмаймын деп қылып ар,
Бұрынғы дәуреніңе сен болдың зар.
Жұрт басқа тері-терсек, жүн сатады,
Сататын, малғұн, сенің, не пұлың бар?

— Жүгім бар, көрмеймісің он бес көлік
Келемін айуанға артып екі түлік.
Жұрттың тыныштық, бүтінін ойламаймын,
Саламын көп бас қосқан жерге бүлік.

— Қашырды есек пенен танып тұрмын,
Өтірікті шындай қылдың, нанып тұрмын.
Біле алмай артқан жүгің не екенін,
Тамаша айран-асыр қалып тұрмын.

— Артқаным бір есекке ылғи жалған,
Жалғанда өтірік жоқ бұдан қалған.
Нанбасаң еріп бірге көр көзіңмен,
Базарға қызығымды қалай салған.

Жүгім бар бір есекте мікір-хайла²
Мұнымен келтіремін үлкен пайда.
Бір тиынға он тиын пайда аламын,
Көптің басы қосылған жиын жайда.

Күншілік бір есекке тиеп артқан,
Жібек, кендір арқанмен буып тартқан.
Базарға бұдан бұрын көп барғанмын,
Жерім жоқ бұл саудамнан залал тартқан.

² Мікір — хайла — қастық айла.

Артқаным бір есекке өңкей зорлық,
Есепсіз мал табамын қылмай ұрлық.
Мен алмай, оның малын кім алады,
Иттер бар көріп жүрген малдан қорлық.

Пайдасыз бос орынға жүрмейміз тек,
Көрінген бір жерім жоқ ешкімге жек.
Мастанып артқандықтан тәкаппарлық,
Жүре алмай бара жатыр мынау есек.

Естумен тақсыр Ғайса таң қалады,
Көрумен көңіл көзбен аңғарады.
— Киер киім, ішер ас, тамақ емес,
Керек қып бұларыңды кім алады?

— Базарға айдап барып салам қатар,
Алдымен жетіп келер алыпсатар.
Түк қоймай өтірігімнен талап алып,
О да алдар көрінгенді, дәмін татар.

Көтерме өтірікпен менен алған,
Олар да бар әлінше сөйлер жалған.
Кім болса бұл заманда сол әкетер,
Қор болып қашан өтірік жерде қалған.

Білмейді ешкім менің қулығымды,
Майлықпен көріп бірдей сулығымды.
Қатынның ең жаманы алып кетер,
Талаумен мүкір-хайла қулығымды.

Закон жоқ жерде мұны қалдыруға,
Бұларға өзім ерікті алдыруға.
Білмейтін дәнемені жаман ұстар,
Мікір мен алдар байын нандыруға.

Базарға алып барсаң не қалады,
Қараумен әр нәрсеге көз талады.
Білетін күншіліктің қадыр құнын,
Оқыған көп оқуды молда алады.

Шаршарсың базар барсаң, басың қатып,
Сөйлеп тұр өз білгенін әркім шатып.
Жұрт билейтін ұлықтар таласумен,
Зорлығымды алады пұлға сатып.

Неге болыс болады малын шашып,
Қашан болып шыққанша жанталасып,
Текке тиын біреуге кім береді,
Зорлықпенен алмаса үкімі асып.

Қарсы келсе, бетіне басын шайнар,
Құнсыз, бұлсыз кедейдің соры қайнар.
Өзі апарып ұлыққа тығар малын,
Ішпес, жемес, шық бермес Шығайбайлар.

Біреу ұн, біреу пұттап май алады,
Біреу қой, біреу тайынша, тай алады.
Тәкаппарлық жүгімді қалдырмастан,
Жетілген надандыққа бай алады.

Томпайтып қалтасына жүрген сыймай,
Беруге ешбір жанға көзі қимай.
Алумен тәкаппарлық сатып менен,
Бүлдірер өз үйіне өзі сыймай.

Бай біткен болғандықтан қара бауыр,
Арқасы ер салмастан болды жауыр.
Не айтып, не қойғанын білмес өзі,
Тырнадай өзіне-өзі болып ауыр.

Сиырдай жүреді де болған құрт,
Көмейде жоқ, бос сөзбен толтырып ұрт.
Желбірер ентігумен екі танау,
Семіз деп құр көрумен айтсын деп жұрт.

Жүргенін білмес өзі батпақ саздап,
Үлкендік айтып қояр аздап-аздап.
Арлан тазы бұтындай бұлтиюмен
Едірейіп екі көз шыға жаздап.

Ғайса айтты:— тоқта, малғұн, болды,— дейді,—
Айтқан сөзің бәрі орынға қонды,— деді.—
Апарып оны қайда өткізесің,
Он қашыр тиеп артқан пұлды?— деді.

Бұл күнде тілінді алған жас пен кәрі
Азған жұртқа тура сен бір ем дәрі.
Жүгіңнің он қашырға артып алған,
Немене толып жатқан соның бәрі.—

— Ол бір жүк шиыр емес, соны,— деді
Бұл жерде алушы жоқ оны,— деді.
Бұл жерде алушы жоқ, шаршамаймын,
Өткізер қайтқанда айлам оны,— деді.

Мұнымен шайтан-лағын базар барды,
Он бес көлік жүкпенен топты жарды.
Лезде апа-сапа қылды бәрін,
Ұйқы-тұйқы көбейтіп дауды-шарды.

Алдыннан алушылар даяр жетті,
Қолдан-қолға түсірмей талап кетті.
Қайтқанда тағы ұшырады рухоллаға
Мән-жайын саудасының баян етті.

Бес есек өзді-өзінің орнына өтті,
Жүк еді он қашырда бір ретті,
Артқаным бәріне де тамиф¹ еді,
Біреуін тілеушілер талап етті.

Иініне ала қоржын салған алды,
Қайыр сұрап жұрт тишын алған алды.
Пірге қол берген сопы, бірәдарлар,
Жұрттан пұл жинап, хажыға барған алды.

Бір қашыр жүк бәріне түгел жетті,
Тоғызы өтпей біразы тентіретті.
Қожа, молда, ишандар елді жеген,
Дағдарып тұрған шақта солар жетті.

Ақсақал, хажы, қожа саттым шалға,
Бейнетпен мал таппаған жүріп жалға.
Қожа, молда көтеріп алды бәрін,
Еңбексіз тапқан жұрттан тегін малға.

Біз үйде қалай шыдап жатамыз деп,
Мұны алсақ, қарық олжаға батамыз деп.
Шайтаннан көтерме алған бұл тамифты
Қыдырып үйден-үйге сатамыз деп.

Бұл пұлмен бірі мешіт салмақ болды,
Бірі мүлгіп ишан боп қалмақ болды.
Біреуде шай, біреуде ет қайнаттырып,
Жұрттан пайда шығарып алмақ болды.

¹ Тамиф — дәме ету, тілемсектік.

Олардың және айтайын қылған ісін,
Кейбіреуі бұлайды сатып терісін.
Бас-басына бір мүсуәк² омырауында.
Егер өткір қылуға тамиф тісін.

Басына дағарадай сәлде салды,
Жұрт қоршап, ой тақсыр деп, ортаға алды.
Түлкінің құйрығындай бұландатып,
Құйрығымен сәлденің тапты малды.

Тәспіні жыбыр-жыбыр серпіп тастап,
Надандық қисық-қыңыр жолға бастап.
Онысы жерге шашқан бидай, тары,
Торғайды келу үшін торғай бастап.

Бұлардың қылған ісін қылмай өзі,
Құйылған кеудесіне шайтан сөзі.
Мол қылып, жайнамазды жайып салып,
Алғуам, кәл һауамға жайған торы³.

Мал табу бәрінің де болып қасты,
Мал сойғыш, мырза атанып қазан асты.
Жұрттың басын шынжырлап айналдыру,
Мақсаты сол, мойнына құран асты.

Тамиф үшін түгел тауып қару-жарақ,
Наданға жасап алып, бұдан арақ.
Тамифтың тырнауышы болсын деп сол.
Хажы барып алып келген сақал тарақ.

Қапшығын қайыршылық тоқып алған,
Өнер жоқ бұлар білмей қапы қалған.
Жұрттан зекет алуды дұрыстауға,
Байлар бала оқытты жиып жалған.

Бір табақ ет пенен шай беріп пара,
Үміт сонда қылған бір-бір қара.
Жүзіқараның айтам деп арсыздығын
Қылмайын ақ қағаздың жүзін қара.

Шайтаннан қылды сауда көтерме алып,
Орнына бұлар жүрді шайтан қалып.

² Мүсуәк — тіс тазартатын ағаш.

³ Алғуам кәл һауамға — көршілікке.

Жүзіқараның айтам деп арсыздығын,
Сияға былғамайын қалам малып.

Байқамай жазып өттім бес-алты жол,
Еркіме қоймаған соң қызығып қол.
Ақ қағаз, қара сия басын қосып,
Түсірдім жұрт көзіне риза бол.

Дін қайда осы күні, ғылым қайда,
Тұрған жоқ анық көңілім бір құдайда.
Лақ пен тоқты алам деп жүрген жаннан,
Ойлайсың тиеді деп кімге пайда.

Дүниеден қалған жан жоқ аяп күшін,
Қайраумен шықыр-шықыр отыз тісін.
Айт, тауып жастайынан босағасын,
Молданы бала оқытқан құдай үшін.

Дүние үшін жанның бәрі қайғы жеген,
Ешкімді күйдірмейін текке неден.
Кісі тап та, айт маған, басым құрбан,
Анық көңіл, шын тілмен құдай деген.

Айтсақ тілді алмайды, қатын, бала,
Енді мұны айтасың кімге ғана.
Өзінді «жынды» дейді, «шайтан» дейді,
Не қылсаң, өзің қылдың хақтағала.

Бет алдыма мен лақтым ауыз бақпай,
Бетімді жіберген соң ешкім қақпай.
Хақтықта, туралықта тұрамын деп,
Жалғанда жалғыз жанға қалдым жақпай

Ежелден болып өстіп байларға өш, қас,
Қожа, молда, ишандар — бәрі бір бас.
Қатын, бала солармен бәрі бірге,
Далада қалған жалғыз мен тесік тас.

Тас едім жергілікті құдай тескен,
Жалғанда жан емеспін көңілім өскен.
Белгісіз не боларым болдым бір жан,
Кісі боп бір жерім жоқ көзге түскен.

Кісі боп шықпасам да өзім қырға,
Айтқан сөзім құлаққа болды сырға.

Сусынын қандырарлық болдым кеңес,
Еділ, Жайық, Ертіс пен Шу мен Сырға.

Деймісің тесілген тас жерде қалар,
Шам-шырақ хақ жандырған саулап жанар.
Асыл, жасық екенін білмесе де,
Желекке тағу үшін біреу алар.

Дүниеде көрдім бәрін не барқатты¹,
Бес жаста қалам ұстап, жаздым хатты.
Ат беріп, ақша беріп шашқаным жоқ
Жүзіне жалған дүние Мәшһур атты.

Бұл атты жоқтан бар ғып тәңірім шашты,
Сөзімді жұрт сырға ғып құлаққа асты.
Бой тұмар басқаларға болған сөзім,
Өзімді қылмас тіпті аяқ асты.

Мен өзім өз-өзіме уанамын,
Ләйлі² жоқ, қоржын да жоқ дуанамын.
Көрінбесем иләһи³ көрінбейін,
Ешкім керек қылмаса қуанамын.

НҰРЖАН НАУШАБАЕВ

(1859—1919)


Қостанай облысы, Семиозер ауданында дүниеге келген Нұржан Наушабаев діни оқу оқып, шығыс әдебиетіне, шағатай мәдениетіне мейлінше жетік өскен. Жасында Сарыарқаны аралап салдық құрып, серілік жасау да ақын ой-өрісін кеңейтуге сеп. Отыз жасынан бастап өлең жазуға салмақты қарап, тиянақты шығармашылық еңбекпен шұғылданады. Шығыстық сарында жазылған өлең-жырлары діни философиялық ойлармен суарылып, бөлекше бір тұтас болмысты дүниеге айналады.

Нұржан ақын өлеңдері қазақпен бірге кезінде татар, башқұрт дегендей түрік жұрағатына біраз тараған. Ескі әдебиеттің есте сақтағыш тұлғасының бірі Сәйфи Құдаш-

¹ Барқатты — рақатты деген мағынада.

² Ләйлі — «Ләйлі Мәжнүн» поэмасының кейіпкері, сұлу қыз Ләйлі үшін жігіт жынданып, дуана болады.

³ Иләһи — «Иләһи берсін, солай болсын» деген мағынада.



тың С. Мұқановқа Башқұртстаннан арнайы хат жазып,
Нұржан ақын өлеңдерінің жай-күйін кеңескені бар.

XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің қызықты қалам иесінің бірі Нұржан ақынның көзі тірісінде «Манзумат қазақия» (1902), «Нұржан мен Сапарғалидың жұмбақ айтысы» (1903), «Алаш» (1910) жыр жинақтары жарық көрген.

Ақын 1919 жылы өз елінде қайтыс болады.

АЛТЫНШЫ НАЗЫМ

Дұшпанға ерегiскен ар сақтама
Жөнінен қорқып кетіп тайсақтама.
Қаншама жүк артса да жан достарың,
Сынғанша бел омыртқаң қайқақтама.

Сүйікті тәтті көңіл қайтпаса екен,
Достықтан ешкім басын тартпаса екен.
Бес күндік дүние үшін әуре болып,
Қиысып бірін-бірі сатпаса екен.

Еш ізін құмда жүрсең, білінбейсің
Бір нәрсе дерһам қадар¹ ілінбесін.
Кілтсіз сандық секілді бекіт бекім
Әр жерде төгіліп сырың көрінбесін.

Ризығы хаққа міндет пәндесінің,
Рақаты, қайғысы ортақ жан досының,
Қысқа сөзді тура айтпақ керек,
Адамның қасиеті жоқ жорғасының.

Бір ата бір анадан туса он ұл,
Болмайды сыры бірдей һаммасының,
Жарақат дос көңіліне салу қымбат,
Пайдасын ойлап қана бір басының.
Бұл күнде түгел болып сыр шықпайды,
Көбінің түбі тесік дорбасының.

Құласаң сүйек сынар биік таудан,
Шыға алмас асау тулап кілт бұғаудан.
Жүрісін өрмекшідей тоқымалап,

¹ Дерһам қадар — бір мысқалдай.

Ғаһымсыз бір намәрт² пен болса саудан,
Муапық³ ақыл серік болмаса егер
Не пайда күшке салған омыраудан.
Жігітке дүниеден не тірілік,
Жолдасын егер тастап қашса жаудан.

Бір айтқан сөзде тұрмас, болса түпсіз,
Дос ісі жөнге келмес халал ниетсіз.
Кейбіреу әдемілеп қозғалмайтын
Сөзбенен салып қояр кісен-кілтсіз.

Жалған дос ықылассыз дос бола ма,
Уағдасы ер адамның бос бола ма?
Көңілінің санасы бар, ақылды адам,
Дегенге сен білесің мас бола ма?

Біріне-бірі серік дүние ғой,
Қанатсыз ұшатұғын құс бола ма?
Жарақат тіл найзасы тисе мәгәр,
Қалыпта көліңі адамның хош бола ма?

Болады кейбіреудің ашуы тез
Бағаны кемітеді мұндай мінез.
Дүниеде көрмей тұрған іс істейді,
Айтқанын етпей ғана тұрсаң лез.
Жалтырап түсі сары болғанменен
Жүре ме бір бағаға алтын мен жез.

Алтынды алтын қылып сақтау қиын,
Күнәны ағартам деп, ақтау қиын.
Бір ақымақ біліп алса болғаны мен
Мынауым қисық-ау деп тоқтау қиын.

Мысал көп келе жатқан баяғыдан,
Өнерлеп жібек шықпас жабағыдан,
Көп ойлап, түлкілікті кейбіреулер.
Тұзаққа ілінеді аяғынан.

Жаманды жақынсынып есепке алма,
Айрылып туысқанды өсекке алма.
Жетем деп осыменен мұрадыма,
Тұлпарды айырбастап есекті алма.

² Ғ а һ ы м с ы з — байыбына бармай, ойламай; Намәрт — сүрқия жауыз.

³ М у а п ы қ — лайық.

Немнатлы ғазиз ¹ ерің болса дұрыс,
Өзгертпей қалыбында сөзге тұрыс
Тілектің қасиеті кемігені,
Хилаплық ² уағаданда болса бір іс.

ТҮЛКІ МЕН ӘТЕШТІҢ ХИКАЯСЫ ³

Ей, Нұржан, мынау да бір жазар сөзің
Тәмсәлім ⁴ ұмыттың ба сенің өзің.
Қаламды жазып таста жортақтатып,
Отырар асықпасаң болар кезің.

Тауықтың бір әтеші тамға мініп,
Отырды қышқырмаққа көңіл бөліп.
Бір түлкі келе жатыр жеп кетпекке
Жапанда отырғанда иттей ұлып.

Түлкі келді: «Амансың ба, әтешім,— деп,—
Бұл жерде не қызметпен жатасың,— деп.—
Патша ағызым кеше бір бұйрық шашты,
Біреуге біреу зорлық қылмасын деп.

Бірге жүрсін қой мен қасқыр, түлкі, тазы,
Болмай кетпес,— дейді, өміріне ешкім разы,
Қаршыға көгершінмен бір ұяда
Ғұмырын бірге өткізсін қысы, жазы.

Қылмаймыз,— деп бір-біріне зиян талап,
Әр мақұлық уағадамен кетті тарап,
Тыныштық пен мұнан былай күн өткізбек,
Бозторғай қой үстіне жұмыртқалап.

Бұрылдым айтайын деп көріп сені
Болар екі күштілердің бұрын жемі.
Осы жерде мәжіліс етіп отырайық,
Теңелер нашардың да болды кезі».

Әтеш тұрды дұрыс-ақ деп басын шұлғып,
Түлкі де заулатып тұр бұған сыр ғып.
Аузына салып кетпек мойнын үзіп,
Тамнан егер түсе қалса жерге ырғып.

¹ Немнатлы ғазиз — талапты жақсы.

² Хилаплық — қарсы болу, айтқанды орындамау.

³ Хикаясы — әңгіме, кеңес деген мағынада.

⁴ Тәмсәлім — мысал.

Түлкі жерде, әтеш тамның төбесінде,
Бір қайла мұның-дағы тұр есінде,
Мойнын бұрып түлкіге әтеш айтты:
«Ана бір келе жатқанды көресің бе?»

Түлкі айтты: «Мен еш неме білгенім жоқ,
Сіздей жоғары орынға мінгенім жоқ.
Баяндап түсі-түгін білдіріңіз,
Мен жерде өзімнен басқаны көргенім жоқ».

«Сабау құйрық, төрт аяқ, шашақ құлақ
Жүрісі көрінеді тым қаттырақ,
Жортысы жем іздеген ит секілді,
Тұп-тура келе жатыр бізге қарап».

Түлкіге қорқу кірді сасқалақтап,
Білмей тұр не қыларын қипалақтап:
Әтеш айтты түлкіге: «Сен тұра тұр,
Патша әмірін естісін о да анықтап».

«Бұл сөзің рас шығар кешікпеген
Ежелден жауым емес өшікпеген,
Көрінсем, қызығып мені қуып кетер,
Патшаның шығар әмірін есітпеген».

Мәз болып әтеш қалды нашыменен ¹...
Әтешке құрған хайла босқа қалып,
Ақырда түлкі кетті басы аманмен.
Түлкі еді алдап жүрген жұмлә ² халықты,
Әтеш қалай қулығына хайла тапты.
Қор қылам деп қор болу қиын емес,
Муапық іске іс келсе лайық-ты.

ТАҚПАҚ НАЗЫМ

Хұрметлу зайғы ғүмірден ¹
 Ұйқыда көрген түс ақтық,
Тар жерде тайғақ кешуде
 Ерлердің қылған күші артық.
Қу қанжыға жүйріктің
 Топырыштан несі артық?

¹ Ардақты өмірдің босқа кетуі.

Көктемесе жаңбыр боп,
Қайырсыз жаздан қыс артық.
Тобылғылы шұбардан
Панасыз таудың несі артық?
Қадір білмес туғаннан
Құндыды білген дос артық.
Дүниеге қару қылмайтын
Қартайған шалдан жас артық.
Ауру үшін жан қиған
Туысы жақсы бас артық.
Білмей шалқып сөйлеуден
Сөйлемей тұру бес артық.
Білмегенге бағасын
Алтыннан да мыс артық.
Бұл опасыз дүние
Болмайды деуге осы артық.
Аталы болған жаманнан
Өзі болған тең артық.
Кейінгіге үлгі қалдырған
Шешендердің тілі артық.
Әрбір істің қалпына
Аңғырттықтан ер артық.
Шаппайтын алмас қылыштан
Қолдағы қамшың көп артық.
Суы ащы теңізден
Томар да болса көл артық.
Арық малдың етінен
Бір тостаған сөк артық.
Сайран етіп жүруге
Қараңғы түннен күн артық.
Қара озып кеткен шешен жоқ,
Өзімнен ұзап көп артық.
Шамалы жерге талықпан
Артсаң да ауыр жүк артық.
Мағынасын біліп түсінген
Сөйледі демес неге артық.
Таразы махшар күнінде
Алла білер кім артық.
Күні суық зымыстан²
Қаһарлы қыстан жаз артық.
Көз жұмып күш айтқаннан
Базна қылған наз артық.
Шаң көрсетпес жүйрік жоқ,

² Зымыстан — қатты, қаһарлы.

Қара үзіп кеткен оза артық.
Он ұл туса біреуден
Бірінен-бірі жүз артық.
Баһасынша өзінің
Қалайыдан да жез артық.
Ойға салсаң Нұржанның
Көп ақыннан сөзі артық.
Би ғамал¹ жеңіл көңілден
Сабыр еткен ой артық.
Кішілік жоқ ақылға
Керек емес бой артық.
Нәр құралың сай болсын,
Шамаң келсе жи артық.
Жаныңа жаны қосылған
Досқа болмас сый артық.
Жауһарыңды мыс қылмай,
Сақтауға керек ми артық.
Тындаушы, ей, даналар,
Бұл сөзімді біл артық.
Неше топқа салғанда
Мүдірмей кеткен тіл артық.
Жиренше сынды шешеннен
Осы күнде кім артық?
Қызыл гүлің солмай тұрып,
Ер жігітке тәубе артық.
Ғазиз жаның тілейді
Хастеліктен² сауды артық.
Һәммә жерден алға³ артық,
Хақ жаратты тауды артық.
Қызығып қақпан басарсың,
Достан көрсен жауды артық.
Биасылдан асыл артық
Нәсілсізден нәсіл артық.
Дос көңілін жаралап
Іс қылмайды асып артық.
Кір жұқтырмай бойына
Сақтап жүрер басын артық.
Шұбар құнан көзденбес
Дәулет баққа тасып артық.
Риазат⁴ жолын қуғанға,
Кәміл ишан пір артық.

¹ Биғамал — амалсыз.

² Хастеліктен — аурудан.

³ Алға — биік, жоғары.

⁴ Риазат — үйрену, төселу, шынығу.